

# ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨНДІРІСІ


2021 ж. қаңтар-қазан



730,5  
МЛРД ТГ

+38,1%

млрд тг



109,3%  
ФКИ

\$ 167,3 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 40%  
отө 60%

\$2,6  
МЛРД

НАРЫҚ


\$ 1022 МЛН



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша 2021 ж. қаңтар-қыркүйектегі деректер

ӨНІРЛЕР КЕСІНІНДЕ 2021 Ж. ҚАҢТАР-ҚАЗАНДАҒЫ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



## Құрылыс материалдарының 2021 жылғы қаңтар-қазандағы өндірісі

ҚР-да құрылыс материалдарының өндіріс көлемі 2021 жылғы қаңтар-қазанда 730,5 млрд. теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2020 жылғы осы кезеңнен 38,1% жоғары (529,0 млрд.тг).

Өнімнің физикалық көлем индексі 2021 жылғы қаңтар-қазанда 109,3% құрады. Заттай көріністе өсу төмендегі тауарлар бойынша байқалады: отқа төзімді бұйымдар (+69%); керамикалық отқа төзімді емемс кірпіштер (+44,2%); портландцемент (+17,3%); қожмақта, минералды силикатты мақта және осыған ұқсас минералды мақта (+42,3%); құрылыс ерітінділері (+41,5%), гипс (+75,0%); ескерткіштерге, безендіру мен құрылысқа арналған өңделген тас (+71,0%) және т.б.

Тауар өндіру көлемінің заттай көріністе төмендеуі: керамикалық қаптама кірпіштер (-6,5%), тақтайлар, цемент, бетоннан немесе жасанды тастан жасалған осыған ұқсас бұйымдар (-8,2%), бетоннан жасалған құрылыс құрастырылымдары (-11,4%), тауарлы бетон (-9,9%).

Құрылыс материалдары өнімінің экспорты 2021 ж. қаңтар-қыркүйекте 2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 6,6% өсті және 167,3 млн. АҚШ долл. құрады. Заттай көріністе экспорт көлемі 1 414,4 мың тоннаны құрап 10,8% төмендеді, өткен жылы осы кезеңде 1 567,1 мың тонна деңгейінде болды. Экспорт бойынша негізгі үздік елдер: Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан.

Отандық нарыққа құрылыс материалдарының импорты 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 26,8% өсіп, 1 021,7 млн. АҚШ долл. құрады, Заттай көріністе тауарлар көлемі 2020 жылғы 9 аймен (2 274 мың тонна) салыстырғанда 38,5% өсіп, 3 149 мың тоннаны құрады. Негізгі импорттаушы үздік елдер: Ресей, Қытай және Өзбекстан.

2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте ҚР-да құрылыс материалдары нарығының көлемі 2 575 млн АҚШ долл. құрады, ОТӨ үлесі 60%, импорт өнім үлесі – 40%.

Ағымдағы жылғы 10 айда өндірістің ең жоғары көлемін құндық көріністе Нұр-Сұлтан қаласы (жалпы өндіріс көлемінде 13% өңір үлесімен) Шығыс Қазақстан облысы (12%), Шымкент қаласы (11%) және Алматы облысы (11%) құрайды.